

11-АПТА

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛА ЖАЗУ

Ғылыми мақала жазу – ғылыми зерттеу нәтижелерін әріптестеріңе, өзге ізденушілерге, ғылыми қауымға, дүниеге танытудың тиімді жолдарының бірі. Бұл пән аясында ғылыми мақаланы қазіргі таңда ҚР Министрлігі мен Ғылым Комитеті талап ететін стандарттарға сәйкес үйренеміз. Осындай талаптарға жауап беретін журналдар тізімі жылда жаңартылып отырады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көп жылдан бері арнайы талаптарға сәйкес «ҚазҰУ Хабаршысы» журналы әр салаға сәйкес шығып отыр. Сондықтан біз сол журналдың талабына сәйкес мақала жазуды үйренеміз. «ҚазҰУ Хабаршысы» сериялары мына сайтта ұсынылады: <https://www.kaznu.kz/ru/17296/page> Филология мамандығы: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/information/authors> сайтынан алынған талаптар (сайтқа кіріп көрсетсе де болады):

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Журналда материалдарды жариялау Open Journal System, онлайн жіберу және рецензиялау жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Жүйеге тіркелу немесе кіру «Материалдарды жіберу» бөлімінде қол жетімді.

Корреспонденция авторы журналға жариялау үшін ілеспе хат ұсынуға міндетті.

Авторларға арналған талаптар:

- «ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы» журналдың редакциялық алқасы ғылыми бағыттары бойынша бұрын жарияланбаған мақалаларды қабылдайды (сайтта көрсетілген). Мақала электрондық форматта (.doc, .docx, .rtf форматтарында) ТЕК журнал сайтының функционалымен жүктеу арқылы ұсынылады (Open Journal System).
- Қаріп кеглі – 12 (андатпа, түйін сөздер, әдебиет - 10, кестелердің мәтіні – 9-11), қаріп – Times New Roman, туралау – мәтіннің ені бойынша, интервал – бірыңғай, абзац шегінісі – 0,8 см, шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, оң және сол жақ – 2 см.
- Суреттер, кестелер, сызбалар, диаграммалар және т.б. нөмірленуі мен атауы көрсетіле отырып, тікелей мәтінде ұсынылады (мысалы, 1-сурет – сурет атауы). Суреттер, кестелер, сызбалар және диаграммалар саны мақаланың барлық көлемінің 20%-нан аспауы тиіс (кейбір жағдайларда 30% - ға дейін).
- Мақаланың көлемі (атауын, авторлар туралы мәліметтерді, андатпаларды, түйінді сөздерді, библиографиялық тізімді есепке алмағанда) 3 000 сөзден кем болмауы керек және 7 000 сөзден аспауы тиіс.
- Авторлар МІНДЕТТІ түрде Open Journal System жүйесіндегі ілеспе хатта жолданатын мақала/қолжазба бұрын еш жерде жарияланбағанын және мақалада оларға сілтемесіз басқа жұмыстардан алынған мәтін үзінділері жоқ екенін көрсетуі тиіс.
- Мақаланы жариялау үшін ақы төлеу тәртібі мен құнын баспа үйі белгілейді және автор сыртқы рецензенттер мен ғылыми редактор мақұлдағаннан кейін ақы төлеуді жүргізеді.

Мақаланың құрылымы (мақаланы рәсімдеу үшін ҮЛГІ-ні қолданыңыз):

Алғашқы беті:

- Алғашқы жол – FTAMP нөмірі (ерекше жағдайларда ЭОЖ), туралау – сол жағы бойынша, қаріп – жартылай қалың (қараңыз <http://grnti.ru>).
- Мақала атауы (Тақырып) мақаланың мәні мен мазмұнын көрсетіп, оқырман назарын аударуы керек. Тақырып қысқа, мазмұнды болуы керек және жаргон мен қысқартулар болмауы керек. Тақырыптың оңтайлы ұзындығы 5-7 сөзден тұрады (кейбір жағдайларда 12 сөзге дейін). Мақала тақырыбы орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде ұсынылуы керек. Мақала тақырыбы қою, кіші әріптермен, туралау ортасында беріледі.
- Мақала авторы (лар) – аты-жөні және тегі, жұмыс орны (үлестес) (Ескертпе: ЖОО-ның толық атауы көрсетіледі), мемлекет, қала (осы ретте сақталуы тиіс)
- Егер біргеше автор бір университеттен болса нумерация керек емес, тек әртүрлі университеттен болған жағдайда ғана нумерация қойылады
- Қала, мемлекет – орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде; электрондық пошта. Авторлар туралы ақпарат әдеттегі қаріппен кіші әріптермен, ортасында туралау арқылы беріледі.
- Төменде ортасында ORCID ID еренсілтемесі көрсетіледі. (Тіркелу үшін нұсқаулық – тіркелген файлдарда <https://orcid.org/>);
- Андатпа көлемі орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде кемінде 160 сөз, 300 сөзден аспайтын, шрифт 10 болуы тиіс. Андатпа құрылымы келесі міндетті тармақтарды қамтиды:
 - Кіріспе.
 - Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары және идеялары.

- Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығының қысқаша сипаттамасы.
 - Зерттеу әдіснамасының қысқаша сипаттамасы.
 - Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары.
 - Жүргізілген зерттеудің құндылығы (осы жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі).
 - Жұмыс қорытындысының практикалық мәні.
- Түйін сөздер / сөз тіркестер – саны 4-5, орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде.

Келесі бет (жаңа):

- **Кіріспе келесі** негізгі элементтерден тұрады: тақырыпты таңдауды негіздеу; мәселенің өзектілігі, зерттеу мақсаты. Алдыңғылардың тәжірибесін сипаттау негізінде тақырыпты таңдауды негіздеуде проблемалық жағдайдың болуы туралы хабарланады (зерттеулердің болмауы, жаңа объектінің пайда болуы және т.б.). Тақырыптың өзектілігі осы объектінің зерттелуіне жалпы қызығушылықпен анықталады, бірақ сұрақтарға толық жауаптардың болмауымен, ол тақырыптың теориялық немесе практикалық маңыздылығымен дәлелденеді; объектіні, пәнді, мақсаттарды, міндеттерді, әдістерді, тәсілдерді, гипотезаны және сіздің жұмысыңыздың мәнін анықтау. Зерттеудің мақсаты тезистің дәлелі, яғни зерттеу тақырыбын автор таңдаған аспектіде ұсынумен байланысты.
- **«Материал және әдістер» бөлімі** материалдар мен жұмыс барысын сипаттаудан, сондай-ақ пайдаланылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы тиіс.
 - Зерттеу материалының сипаттамасы немесе сипаты оның сапалық және сандық жағынан көрсетілуін қамтиды. Материалдың сипаттамасы – тұжырымдар мен зерттеу әдістерінің дұрыстығын анықтайтын факторлардың бірі.
 - Бұл бөлімде проблеманың зерттелу дәрежесі сипатталады, бұрын жарияланған белгіленген рәсімдерді қайталамай-ақ егжей-тегжейлі ақпарат беріледі; жабдықты (бағдарламалық қамтылымды) сәйкестендіру және материалдар мен әдістерді пайдалану кезінде міндетті түрде жаңалық енгізе отырып, материалдарды сипаттау пайдаланылады.
 - Ғылыми әдістеме мыналарды қамтуы керек:
 - – зерттеу сұрағы (сұрақтары);
 - – көтеріліп отырған гипотезаны (тезис);
 - – зерттеу этаптарын;
 - – зерттеу әдістерін;
 - – зерттеу қорытындыларын.
- **«Әдебиетке шолу» секциясында** отандық және шетелдік авторлардың іргелі және жаңа жұмыстары, оларды авторлардың ғылыми үлесі тұрғысынан талдау, сондай-ақ автор өз жұмысында толықтыратын зерттеудегі олқылықтар қамтылуға тиіс.
 - Жұмысқа қатысы жоқ көптеген сілметелердің болуына ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ.
- **«Нәтижелер мен талқылау» бөлімі** сіздің зерттеу нәтижелеріңізді талдауға және талқылауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер туралы қорытынды беріледі, негізгі мәні ашылады. Және бұл мақаланың маңызды бөлімдерінің бірі. Онда олардың жұмысының нәтижелерін талдап, сәйкес нәтижелерін алдыңғы жұмысымен, талдаулары мен қорытындыларымен салыстырғанда талқылау қажет.
- **Қорытынды, тұжырымдар** – осы кезеңдегі жұмыс нәтижелерін қорыту және қорытындылау; автор алға қойған тұжырымның растығын және алынған нәтижелерді ескере отырып, ғылыми білімнің өзгеруі туралы автордың қорытындысын растау. Қорытынды абстрактілі болмауы керек, оларды белгілі бір ғылыми саладағы зерттеу нәтижелерін қорытындылау үшін, ұсыныстарды немесе одан әрі жұмыс істеу мүмкіндіктерін сипаттай отырып қолдану керек.
 - Қорытындыда мынадай тармақтар болуы тиіс: зерттеудің мақсаттары мен әдістері қандай болды; зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары; зерттеудің келешегі және әзірлеуді енгізу, қолдану мүмкіндіктері.
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде кемінде 15 атау болуы керек; оның 50% – ағылшын тіліндегі көздерден. Әдебиеттер тізімінде кириллицада ұсынылған жұмыстар болған жағдайда, әдебиеттер тізімін екі нұсқада ұсыну қажет: біріншісі – түпнұсқада, екіншісі – романизацияланған алфавитпен (транслитерация).
- MEMST1-2003 сәйкес орыс және қазақ тілдеріндегі әдебиеттер тізімін рәсімдеу «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелеріне» (БЖҒСБК тізімдемесіне енетін жарияланымдарға талаптар) сәйкес жүзеге асады.
 - - Романизацияланған әдебиеттер тізімін рәсімдеу келесідей болуы керек: автор (лар) (транслитерация - <http://www.translit.ru>) → (жақшадағы жыл) → транслитерацияланған нұсқадағы мақала атауы [мақала тақырыбын ағылшын тіліне төрт бұрышты жақшаға аудару], орыс тіліндегі дереккөздің атауы (транслитерация немесе ағылшын атауы - бар болса), ағылшын тілінде басылған шығыс деректері.

Мысалы: Gokhberg L., Kuznetsova T. (2011) Strategiya-2020: novye kontury rossiiskoi innovatsionnoi politiki [Strategy 2020: New Outlines of Innovation Policy]. *Foresight-Russia*, vol. 5, no 4, pp. 8–30. Әдебиеттер тізімі Алфавиттік тәртіппен, ТЕК мәтінде келтірілген жұмыстарға сәйкес ұсынылады.

Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттар үшін әдебиеттердің, сондай-ақ ағылшын (басқа шет) тіліндегі дереккөздердің Романизацияланған тізімін рәсімдеу стилі - American Psychological Association (<http://www.apastyle.org/>).

Назар аударыңыз! Алфавиттік тәртіпте авторлардың тегі көрсетіледі (аты-жөнінен кейін үтір бас әріптердің алдына қойылмайды); тегінен кейін дөңгелек жақшада басылымның шыққан жылы көрсетіледі, төртбұрышты жақшада атаудың ағылшын тіліне аудармасы көрсетіледі. Барлық сызықшалар мен қиғаш сызықтарды алып тастау керек (яғни бөлу белгілерін). Сілтеменің соңында егер дереккөз қазақ тілінде болса (in Kazakh), және егер дереккөз орыс тілінде болса (In Russian) және т.б. көрсетіледі.

- Бұл бөлімде мыналарды ескеру қажет:
- Негізгі ғылыми жарияланымдар, ғылымның осы саласында қолданылатын және автордың жұмысы негізделген озық зерттеу әдістері келтіріледі.
- Шамадан тыс өзіңізге сілтеме жасаудан аулақ болыңыз.
- Шетелдік авторлардың жарияланымдарына сілтемелер жасау ұсынылады.
- Библиографиялық тізімде зерттеу тақырыбы бойынша танымал шетелдік ғалымдар жариялаған қазіргі заманғы ғылымға қатысты іргелі еңбектер болуы керек.
- Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы мәтінге сілтемелер сілтеменің ішінде жақтың ішінде бірінші авторы, шыққан жылы көрсетілген: бет (тер) саны көрсетілген. Мысалы, (Залесский 1991: 25). Егер әдебиеттер тізімінде бір автордың сол жылы жарияланған бірнеше жұмыстары болса, шыққан жылына «а», «б» әрпі және т.б. Мысалы, (Садуова, 2001а: 15), (Садуова, 2001б, 22). Жаратылыстану мақалалары үшін сілтемелер төртбұрышты жақшада келтірілген, мәтінге сілтемелер келтірілген жұмыстар көрсетілгендей нөмірленеді.

Мақаланы рәсімдеу соңында мақаладағы барлық белгілерден кейін, әсіресе әдебиеттер тізімінде (нүктелер, үтірлер, сызықшалар, Қос нүктелер, қиғаш сызықтар мен жақшалардан кейін) бос орындардың болуын тексеруді сұраймыз. Бүкіл мәтінді таңдаңыз. Қаріп түймесін басыңыз, TimesNewRoman, өлшемі 12, мәтіннің түсі Авто, астын сызу жоқ. Абзац батырмасын басыңыз, шегіністер 0, 0; интервалдар 0, 0; жоларалық – бірыңғай.

Ескерту: мақалада қалың қаріпті қолдануға және астын сызуға рұқсат етілмейді, тек курсивке рұқсат етіледі.

Мақаланың төменгі жағында жоғары оқу орны, ғылыми дәрежесі, атағы (бар болса) және лауазымы, байланыстары тағы бір рет көрсетіледі.

Библиографиялық сілтемелерді рәсімдеу үшін Mendeley Reference Manager құралын пайдалана аласыз.

|

Мақала жариялау құны - 2000 теңге / бет

Реквизиттер:

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Индекс 050040

Мекенжай: Алматы қ., Әль-Фараби даңғылы 71

БИН 990140001154

КБЕ 16

АО «First Heartland Jýsan Bank»

ИИК KZ19998СТВ0000567141 – тенге

ИИК KZ40998СТВ0000567151 – USD

БИК TSESKZKA

1. АНДАТПА

Жоғарыда берілген талаптарға сәйкес, мақала мынандай бөлімдерден тұрады:

1. Андатпа

2. Кіріспе
3. Материалдар мен әдістер
4. Әдебиетке шолу
5. Нәтиже мен талқылау
6. Қорытынды
7. Әдебиеттер тізімі мен сілтемелер

Бүгінгі сабақта аңдатпа мен кіріспе бөлімдерін қарастырамыз. Біріншіден, аңдатпаның (оны қазақ тілінде аннотация деп те атайды) не екендігін түсініп алайық.

АҢДАТПАДА НЕ ЖАЗЫЛУ КЕРЕК?

Аннотация (аңдатпа) – бұл тұтас мақаланы сипаттайтын, ондағы басты идея мен зерттеу мақсатын, маңыздылығын ашып көрсететін қысқаша мәтін. Мұнда автор мақалада ұсынған зерттеу мәселесін, бар болса оны шешудің жолдарын, мақсаты мен зерттеу нәтижесін сипаттау қажет. Оқырманға және ғылымның дамуына құнды бола алатын зерттеу өзектілігін көрсетуі тиіс. Мақала тақырыбы сияқты аңдатпа да өз кезегінде ғалымға мақаланы ары қарай оқу қажет пе, ол жерде оған керек ақпарат бола ма жоқ па дегенді анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, ақылы жуурнал сайттары аңдатпаны тегін ұсынып, оқырман қызығушылығын танытса, мақаланы сатып алады. Сол үшін, әсіресе, ақылы журналдар (мақалалар) үшін, аңдатпа маркетинг құралы есебінде жүріп, оған ерекше көп көңіл бөлінеді.

Аңдатпа зерттеушінің өзіне байланысты не басында, не зерттеу жұмысының негізгі бөлігі орындалып, зерттеу аясы түсінікті болған кезде жазылуы мүмкін.

АҢДАТПАНЫ ҚАЛАЙ ЖАЗУ КЕРЕК?

Жазылу тілі ғылыми стильде әрі барлығына, әсіресе, сол пән төңірегінде қызмет ететіндер үшін түсінікті болуы қажет. Негізгі ойды мақала мәні бойынша құрып, қысқаша беру керек, сонымен қатар құрылымына қойылатын талаптарды да ескерген жөн.

Естеріңізде болсын, аңдатпа ғалымдарды жұмысты оқуға итермелеуі қажет, сондықтан онда маңызды деректер ғана қамтылуы керек.

Аннотацияның сөйлемдерін қысқа қылып жазған абзал. Барлығы 150-300 сөз (6-8 сөйлем) жазылуы керек.

КІЛТ СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Кілт сөздер мен сөз тіркестерін анықтап алыңыз. Кілт сөздердің мақала мазмұнын аша алатын, нақты болғанын қадағалаңыз. Себебі, интернет желісінде сіздің мақаланы кілт сөздер мен сөз тіркестері арқылы іздеп табады.

АҢДАТПАДА (АННОТАЦИЯДА) НЕНІ ЖАЗУҒА БОЛМАЙДЫ?

Онда ешқандай бос сөз, жалпы фразалар, артық мағлұматтар болмауы тиіс. Бірінші жақты қолданудың, тізімдерді кіргізіп, дәйексөздерді жазып, кескіндер мен суреттерді енгізу мен сілтемелер жасаудың қажеті жоқ. Терминдерді аз қылыңыз, тым ұзын синтаксистік және грамматикалық конструкцияларды қолданбаңыз.

АҢДАТПАНЫҢ (АННОТАЦИЯНЫҢ) ҚҰРЫЛЫМЫ

Көбінесе, аңдатпада мына бес пункт міндетті түрде болғаны дұрыс. Олар:

1. Зерттеудің мақсаты
2. Зерттеуде қолданылған әдістер
3. Зерттеу барысында алынған нәтижелер
4. Қорытынды
5. Тірек сөздер

Мысалы:

Ақтөбе облысының дала ландшафттарының қалыптасу факторлары

Тақырыпты ашу : Мақала Ақтөбе облысының дала ландшафты құрылымының аймақтық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. **Мәселе:** Зерттелетін аумақты кешенді талдау үшін ГАЖ технологиясын қолдана отырып, аймақтық деңгейдегі мамандандырылған

ландшафттық геоақпараттық жүйе құрылды. Кеңістіктік мәліметтер базасы жыл сайынғы антропогендік әсерге ұшырайтын зерттелетін аумақтың табиғи ортасының компоненттерінің сипаттамалары негізінде жасалды. **Ғылыми зерттеу әдістері:** Аумақты ландшафттық талдау мақсатында біз ArcGis10.4. 1 бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде ГАЖ жалпылаудың аймақтық деңгейінің мамандандырылған ландшафттық геоақпараттық жүйесін құрдық. **Өзектілігі:** Мұндай ГАЖ жүйесі арқылы біз деректерді жинауды, жүйелеуді, сақтауды, өңдеуді, бағалауды, картаға түсіруді және таратуды жүзеге асыра алатын және оның негізінде кеңістіктік-уақыттық құбылыстар туралы жаңа ақпарат пен білім алу құралы ретінде әрекет ететін интерактивті жүйе ретінде түсінеміз. **Нәтижесі:** Зерттеу бірнеше кезеңнен тұрады: талдамалық деректерді жинақтау, ArcGis қабаттарын қабаттастыру құралдарын пайдалана отырып, ландшафттық картаны жасау, мұнда қабаттар ландшафттық құрылымды құрамдас түрде сипаттайды, сондай-ақ Ақтөбе облысының рельефінің цифрлық моделін жасау үшін SRTM ғарыштық суреттері пайдаланылды. **Қорытынды:** Зерттеу нәтижелері Ақтөбе облысының дала ландшафттарын картаға түсіру аумақтың экологиялық жағдайын зерттеуге, сондай-ақ зерттелетін аумақтың құрылымын бағалауға негіз болады.

Түйін сөздер: геожүйе, ландшафт, антропогендік факторлар, табиғи факторлар, дала ландшафттары, ГАЖ, ландшафт картасы.

<https://bulletin-geography.kaznu.kz/index.php/1-geo/article/view/1358>

1 – тапсырма. «ҚазҰУ Хабаршысында» өз мамандығыңа сәйкес жарияланған екі мақаланы алып, онда берілген аңдатпамен (аннотациямен) таныс. Құрылымы жағынан талдау жаса: қай бөлімдер қамтылған/қамтылмаған? Аңдатпаны оқыған кезде мақалада жазылған ғылыми зерттеу жайлы ақпарат бар ма? Аңдатпа мақаланы аша алды ма, әлде жоқ па? Аңдатпа талапқа сай жазылған ба?

2 – тапсырма. Берілген аңдатпаның біреуін таңдаңыз, мәтінді оқып төмендегі кестені толтырыңыз.

ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚОНЫСТАНУ ГЕОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақала диаспора және ирреденттер туралы анықтамаларға негізделі отырып, қазақ диаспорасы мен ирреденттеріне тарихи-географиялық тұрғыдан талдау жасалып, қытай қазақтарының диаспора емес, ирреденттер екеніне ғылыми тұжырым беріледі. Шетелдегі этникалық қазақтардың аса мол үлесі сақталған Қытай Халық Республикасының (Қытай) Шынжаң Ұйғұр автономиялық ауданы (Шынжаң) құрамындағы Іле Қазақ автономиялық облысының жалпы аумақтық-әкімшілік жағдайы мен халқының географиялық қоныстану және этникалық құрамын демографиялық тұрғыда зерттеуге бағытталған. Шынжаң ауданының Қытай үшін маңызды геосаяси және геоэкономикалық орынға ие екендігі Іле Қазақ автономиялық облысының географиялық орны, аумағы, шекаралас елдері мен шекара ұзындықтары және табиғи ресурстық әлеуеті негізінде көрсетілген. Мақалада баса мән берілген мазмұнның тағы бірі Іле Қазақ автономиялық облысының халқы және олардың аумақтық-әкімшілік бөлініс бойынша орналасуы осы облыс бойынша этникалық ұлттардың саны мен қала және елді-мекендер бойынша таралуына және халықтың тууы мен өлім-жітіміне, табиғи өсіміне негізделіп, жаңа әдебиеттерге сүйеніп, жан-жақты қарастырылған. Мақалада Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы иммигранттар мен эмигранттар үлесі, көші-қон айырымы, өңірлер арасындағы мигранттардың статистикалық көрсеткіштері талданған. Көрсеткіштер негізінде Қазақстан мен Қытай арасындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер талданды. Мақаланың тағы бір өзекті тұсы – 2013-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінен алынған статистикалық-демографиялық көрсеткіштердің пайдаланылуы. Бұл сандық мәліметтер екі мемлекет

арасындағы сыртқы көші-қонның нақты жағдайын талдауда және баға беруде маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: диаспора, Шынжаң, Іле Қазақ автономиялық облысы, көші-қон географиясы, иммигранттар, эмигранттар, көші қон айырмасы.

<https://bulletin-geography.kaznu.kz/index.php/1-geo/article/view/1013/691>

Әзірбайжандағы жел электр станцияларының оңтайлы учаскелерін анықтауда жел көрсеткіштері мен жер бедерінің әсерін геокеңістіктік талдау

Бұл зерттеуде Әзірбайжандағы жел станцияларының ең қолайлы жерлерін анықтау үшін жел метеорологиясының көрсеткіштері мен жер рельефінің географиялық талдауы жүргізілді. Ұзақ мерзімді жел метеорологиялық өлшеуіш деректері, спутниктік деректер және кеңейтілген метеорологиялық модельдеу бүкіл ел бойынша жел энергиясының әлеуетін сипаттау үшін пайдаланылды. Бұл деректер желдің жылдамдығын, бағытын және ұзақ уақыт бойы жиналған турбуленттілік өлшемдерін қамтиды. Содан кейін географиялық ақпараттық жүйелер (GIS) құралдары жел электр станцияларын топография, экология және экономика тұрғысынан бағалау және шектеу аймақтарының айналасында жиектерді орналастыру үшін пайдаланылды. Талдау нәтижелері Каспий теңізінің жағалауын, Апишерон-Хизиді және Шығыс Зәңгезүр экономикалық ауданын қоса алғанда, жел энергиясының әлеуеті жоғары бірнеше аймақтарды анықтады. Бұл талдау рельефтің жел ағынының динамикасына терең әсерін ашады және учаскені таңдауда жергілікті жер бедерін ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Жел энергетикасын дамытудың негізгі аймақтары ретінде жиі таулы асулармен және жағалаудағы аймақтармен байланысты тұрақты және күшті желдер бар аймақтар анықталған. Зерттеу сонымен қатар осы перспективалы орындардың қолданыстағы электр желісіне жақындығын бағалайды. Ол жел электр станцияларының әлеуетті учаскелерін желіге қосудың экономикалық тиімділігін бағалау арқылы тиімді энергия тасымалдауды қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл желілік интеграцияны бағалау таңдалған орындардың орындылығы мен экономикалық өміршеңдігіне қатысты шешімдерді басшылыққа алады.

Түйін сөздер: қалпына келетін энергия, энергияны бағалау, ГАЗ талдау, энергия картасын жасау, энергия ресурстары, жел жылдамдығы.

<https://bulletin-geography.kaznu.kz/index.php/1-geo/article/view/1356/809>

Аңдатпа мәтінінде қамтылған бөлімдер	Мәтіннен үзінді
Тақырпты ашатын сөйлем	
Зерттеудің мақсаты	
Өзектілігі	
Мәселе	
Ғылыми зерттеу әдістері	

Шешімі	
Нәтижесі	
Қорытынды	
Тірек сөздер	

3 – **тапсырма.** Академиялық жазылым барысында ықшамдалған, нақты, аудиторияға түсінікті тіл қолданылуы қажет. Төменде берілген ғылыми мәтінді негізгі идеясын сақтай отырып, алдымен 5 сөйлемге, содан кейін 3 сөйлемге, содан кейін 1 сөйлемге қысқартып қайта жаз.

Демографиялық саясат тақырыбында көптеген ғылыми еңбектер жазылды, сарапшылар егжей-тегжейлі мәселелер туралы дауласады және кейбір мәселелерде бір-бірімен жиі келіспейді. Бірақ көптеген мамандар қаржыландырылмаған отбасылық-демографиялық және денсаулық сақтау салалары бар елде демографиялық қиындықтарға сәтті жауап беру мүмкін емес екеніне келіседі. Бүгінгі таңда қазіргі жағдайда халықтың көші-қон алмасу процестері тұтастай Қазақстан Республикасы үшін де, оның әрбір өңірі үшін де стратегиялық маңызға ие болып отырғаны айқын болып отыр. Өкінішке орай, теріс көші-қон халықтың табиғи азаюымен қатар, елдің барлық шығыс аймақтарында оның санының азаюының тұрақты факторына айналды. Шығыс Қазақстан облысы көші-қон доноры ретінде әрекет етеді. Біздің пікірімізше, Шығыс Қазақстан облысының көші-қон кетуінің қалыптастыру ерекшелігі әлеуметтік-экономикалық дамудың қанағаттанғысыз дамуына байланысты көші-қон проблемасының өсіп келе жатқан маңыздылығы туралы айтуға мүмкіндік береді.

<https://bulletin-geography.kaznu.kz/index.php/1-geo/article/view/1098/727>

Үй тапсырмасы: Өз зерттеу тақырыбына сәйкес мақалңыздың «Аңдатпа» бөлімін жазыңыз

2. КІРІСПЕ

Scopus базасына енетін немесе "ҚазҰУ Хабаршысы" сияқты көптеген журналдар үшін кіріспе бөлімінің мақсаты мына -кіріспе, әдістер, нәтижелер және талқылау - сұрақтарға жауап беру:

Бұл зерттеу не туралы?

Неліктен бұл зерттеу ғылыми қауымдастық үшін маңызды?

Егер рецензенттер сіздің зерттеуіңізді және оның маңызды үлесін түсінбесе, олар мақаланы қабылдамауы мүмкін (Ahlstrom, 2017).

Әдетте кіріспе бөлімінде мыналар қамтылады (Nadim, 2005):

Зерттеу жайлы алғашқы ақпараттар, алғышарттары

Эксперименттік гипотезаға әкелетін пайымдау (олқылықтарды талдау)

Зерттеу мақсаты және зерттеу гипотезасы

Алынған мәліметтердің нәтижелері мен маңыздылығы

Кіріспе бөлімін жазуды бастамас бұрын, сізді қызықтыратын журналда жарияланған басқа жұмыстардың алғысөздерін қараңыз.

Ғылыми мақаланың кіріспе бөлімін дұрыс жазудың бірнеше тиімді қадамдары

1. Қолжазбаның басқа бөлімдерінің жобасын аяқтаңыз. Ғылыми зерттеуіңізде қолданған әдіс, нәтижелер және талқылауларыңыз қолжазбаңыздың негізгі көп бөлігін құрайтынына көз жеткізіңіз. Соның нәтижесінде сіз кіріспеңіздің мазмұнын ұйымдастыра аласыз.
2. Әдебиеттерге шолу жасаңыз. Нақты сұрақтарға назар аудару арқылы іздеңіз. Әдебиеттерді іздеу сіздің кіріспеңіздің негізін қалауға көмектеседі. Анықтамалық ақпаратта пайдаланатын сілтемелер зерттеу тақырыбына қатысты және өзекті болуы керек. Бұл фондық ақпарат зерттеуіңіз үшін білу керек барлық ақпаратты қамтиды.

Қосымша әдебиеттерді іздеген кезде осы нақты сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз:

Менің зерттеуімнің негізі қандай?

Менің зерттеуіме қатысты бұрын соңды қандай жұмыстар жарияланған?

Бұл зерттеулер менің зерттеуімен қалай байланысты?

Менің қолданатын зерттеу әдістеріме қандай бастапқы ақпарат қажет?

3. Ғылыми зерттеуді кеңінен қамтитын сұрақтарға жауап беру үшін көбірек әдебиеттерді іздеңіз. Өзіңіздің зерттеуіңіз туралы білуіңіз керек іргелі (фундаментальный) ақпаратты беру үшін тиісті әдебиеттерді іздегеннен кейін, көбірек сұрақтарға жауап беру үшін қосымша әдебиеттерді іздеңіз.

Осы кезде сіздің әдебиет іздеуіңіз оқырмандар білуі керек қосымша анықтамалық ақпаратты жинауға бағытталуы керек. Бұл ақпарат оқырмандарға сіздің зерттеуіңізді жақсы түсінуге көмектеседі. Сондықтан кіріспе бөлімінде мына сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз:

Менің ғылыми зерттеу салама не зерттелмеген/қандай олқылықтар бар?

Сол олқылықтардың орнын толтыру не үшін маңызды?

Басқа жарияланған зерттеулер қандай мәселені шеше алды және мен не таптым?

Зерттеу жұмысының Кіріспе бөлімінде мыналар қамтылуы керек:

- * Тақырып бойынша жасалған зерттеулер жайлы ақпарат
- * Сіздің зерттеуіңіздің мақсаты
- * Зерттеуде қарастырылатын мәселелер
- * Зерттеу тақырыбын таңдау себебіңіз
- * Зерттеуде қарастырылатын мәселенің маңыздылығы және ғылымға қосар үлесі
- * Гипотеза
- * Қорытынды

Ескерту: Көп мақалаларда жоғарыда берілген барлық бөлім қамтыла бермейді, бірақ 5-6 қамтылғаны дұрыс.

«Кіріспе» бөліміне мысал:

Кіріспе

Проблемалық тақырып: 2020 жылы Қазақстанда да, бүкіл әлемде де бірқатар параметрлер бойынша сөзсіз ерекше жыл болды. COVID-19 пандемиясы галамиардың барлық мемлекеттеріне әсер еткен жаһандық құбылыс болды. Бұл әлем халқының өмірінің көптеген аспектілеріне, ең алдымен оның денсаулығы мен өліміне, экономикалық жағдайы мен психологиялық жағдайына, неке-отбасы және репродуктивтік жоспарлары мен адамдардың мінез-құлқына үлкен әсер етті (және әлі де жалғасуда).

Зерттеу алғышарттары (Тақырып бойынша жасалған зерттеулер жайлы ақпарат): Әр жылдың басында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы өткен жылдағы еліміз бен оның өңірлері халқының табиғи қозғалысының нәтижелерін алдын-ала бағалауды, сондай-ақ Қазақстан мен оның субъектілерінің жаңа жылдың басындағы саны туралы алдын-ала мәліметтерді жариялайды. **Зерттеуде қарастырылатын**

мәселелер: Қазіргі уақытта, осы ақпарат пайда болғаннан кейін, статистикалық қызметтердің ресми сайттарында 2020 жылға арналған демографиялық динамиканың бірқатар негізгі көрсеткіштеріне талдау жасау және коронавирустың Шығыс Қазақстанның демографиялық дамуына қалай әсер еткені туралы алғашқы қорытынды жасау мүмкіндігі пайда болды.

Зерттеудің мақсаты: Осылайша, бұл жұмыста біздің мақсатымыз – соңғы 30 жылдағы (1990-2020 жж.) халықтың ұзақ мерзімді динамикасы аясында 2020 жылы Қазақстан мен Шығыс Қазақстан облысындағы (туылған, қайтыс болған, табиғи және көші-қон өсуінің саны) халық санының өзгеру компоненттерін бастапқы бағалау.

Нәтиже: Шығыс Қазақстан облысында отыз жылдық кезеңде көші-қон ағыны өңірлік дамудың қуатты факторы болып табылады, бұл халықтың депопуляциясы жағдайында оның маңыздылығын арттырады. **Қорытынды:** Шығыс Қазақстан облысы халқының санын қысқартуда көші-қон құрамдас бөлігінің рөлі өсті және 1993 жылдан бастап көші-қон ағыны табиғи өсімді толығымен жұтып қойды

<https://bulletin-geography.kaznu.kz/index.php/1-geo/article/view/1098/727>

1-тапсырма. Берілген мәтін «ҚазҰУ Хабаршысы» ғылыми журналында жарияланған «ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚОНЫСТАНУ ГЕОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕЛЕРІ» мақаласының Кіріспе бөлімі. Берілген Кіріспе бөліміне құрылымдық талдау жаса.

Кіріспе

Бүгінгі күні әлемнің 40-тай мемлекетінде шамамен 5 млн-ға жуық қазақ өмір сүріп жатыр. Оларды ирреденттер және диаспора құраушы азаматтар деп бөліп қарауға болады. Мұндағы диаспора сөзі грек тілінен аударғанда «шашырау» деген ұғымды білдірсе, ирредента сөзі италиян тілінде «азаттығы жоқ» деген сөзінен алынған (Досан Баймолда, 2015). Алайда, нақты саны толық емес. Неліктен оларды ирреденттер мен диаспора деп бөліп отырмыз, себебі, екеуі мүлде екі басқа ұғым. Диаспора – халықтың бір бөлегінің ата-мекенінен түрлі себептермен қудалауға ұшырап, басқа елдерге қоныс аударуынан қалыптасқан шоғыры. Ал, ирреденттер – делимитация және демаркация жағдайында жат елдің иелігінде қалып қойған, өздерінің бұрынғы ата қонысында жасап жатқан, тарихи Отанынан бөлініп қалған азаматтар. Халықаралық қарым-қатынаста диаспоралар мен ирреденттердің алатын орны маңызды. Ол елдерді жақындастыруда белгілі деңгейде оң ықпал етеді. Сондықтан диаспораның даму тарихын зерттеу көптеген елдер үшін сыртқы саясатын жүзеге асырудағы маңызды құрал болып отыр. Қазіргі геосаяси және геэкономикалық жағдайда еліміз үшін де қазақ диаспоралары мен ирреденттерінің әлеуетін пайдаланудың маңызы жоғары. Алайда, оны толық пайдалана алып жатқан жоқ. Олай дейтініміз әлі күнге осы саланы зерттейтін ғылыми институт қалыптаспады. Оны ғылыми сала ретінде мектептен бастап оқытудың теориялық және әдістемелік қажеттілігін ғылыми ортада ұсындық (Kaster Sarkytkan, 2013: 358-365).

Қазақстанда диаспорология ғылымының, соның ішінде қазақ диаспорасы туралы зерттеулердің мемлекет деңгейінде зерттелмеуінің басты себептерінің бірі – Кеңестер Одағынан қалған «ұлтсыздану» саясатының салдары еді. Себебі, социалистік идеологияны дәріптеу және ұлттық құндылықтар мен мәдениеттерді барынша орыстандыру саясаты Кеңес Одағында миграция және диаспорологияны ғылыми тұрғыда зерттеудің жеке саласы ретінде қарастыруға мүмкіндік бермеді. Тек, ортақ коммунистік мүдде тұрғысынан ғана қарастырды. Бұл көзқарас көші-қон процестерін зерттеудің үдерісін кейінге шегерді. Егемендіктен соң, бұл сала-ны зерттеу біртіндеп қолға алынды, алайда, теориялық негіздер батыстық ғалымдардың еңбектері болып отыр. Ал батыста осы саланы ерте қарастырған. Мысалы, Висконсин-Мэдисон университетінің саяси

ғылымдарының профессоры Джон Александр Армстронг 1976 жылы “American Political Science Review” ғылыми журналында “Mobilized and Proletarian Diasporas” (Жұмылдырылған және пролетарлық диаспора-лар) атты мақаласы арқылы диаспорология және диаспоралардың жұмылдырылған (mobilized) және пролетарлық түрлеріне анықтама беріп, терең талдау жасаған (Armstrong, John A, 1976). Батыс елдерінде диаспора туралы зерттеулер ерте басталғанымен, 1990 жылдардан кейін даму кезеңі басталды. Өйткені осы уақытта дүниежүзінің әлеуметтік-саяси және экономикалық бейнесінде түбегейлі өзгерістер жүріп жатты. Бұған мысал ретінде Австриялық әлеумет және саясаттанушы және көші-қон маманы Райнер Баубек (Rainer Bauböck) пен немістің Билефельд университетінің профессоры, халықаралық көші-қон және этникалық қатынастарды зерттеуші маманы Томас Файсттың (Thomas Faist) бірлескен авторлығындағы “Diaspora and Transnationalism: Concepts, Theories and Methods” атты еңбегін қарастыра болсақ, мынадай тұжырымға кез боламыз: «Отарлық кезеңнен бері халықтың ауқымды халықаралық қозғалысы адамзат тарихындағы маңызды тарихи құбылыстардың бірі болды. Бұл бүкіл әлемнің әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық көріністерінің өзгерісіне әкелді. Алайда, ғылыми ізденістер ерте басталғанына қарамастан, әлемнің нақты назары 1990 жылдардан кейін басталды. Себебі, БҰҰ сияқты ірі халықаралық ұйымдардың мән беріп араласуы ғалымдардың, саясаткерлердің қызығушылығын оятып, диаспора, халықаралық көші-қон және босқындардың трансұлттық мәселелері туралы зерттеулер жүргізілді. Бұл зерттеулер мен жарияланымдар барлық мәселеге жаңа серпін берді, әрі қарай да жалғаса бермек» (Райнер Ба-убек, Томас Файст, 2010). Дүниежүзінде осы статусқа сай келетін ұлт өкілдері аз емес. Соның бірі – қазақтар. Қазақтар халық ретінде – диаспора және ирредент ретінде қарастырылатын халық. Мәселен, Қытай, Моңғолия, Ресей және Орталық Азия елдеріндегі қазақтар ирреденттер саналады. Ал бұдан өзге алыс-жақын шетелдерде тұратын қазақтарды диаспоралар мәртебесіне ие деп айтуға болады. Осының ішінде Қытай қазақтарына тоқталар болсақ, олар – сонау ескі заманда осы аймақта қоныстанған халықтардың бүгінгі ұрпағы. Қытай жазбаларына қарасақ, Шаң заманында (б.з.б. 14 ғ. – б.з.б. II ғ.) жазылған сүйек жазбаларында Қытайдың орта жазығы мен оның төңірегіндегі аймақтарда бір-біріне тәуелсіз елдер мен ұлыстар өмір сүргені айтылады. Солардың ішінде Коң-фаң, Гур-фаң қатарлы көшпелі ұлыстарды қытайтанушы ғалымдар ғұндардың арғы аталары деп атап отыр (Ю Тайшан, 2000). Ал Орта жазық қытай халқының ата-бабасы, өсіп-өнген жері екенін ескерсек, оның айналасы қазіргі ҚХР аумағының көпшілік жері сол кезде көшпенділердің қонысы екені анық. Ал кейін Ғұндар дәуіріне келгенде, VI ғасырдың ортасында Түрік қағанаты өз мемлекетін құрды. Олар Алтайдан Қырымға дейінгі жерді иелік етті. Көп кешікпей Шығыс және Батыс Түрік қағанатына бөлінді. Батыс Түрік Қағанатының орталығы Жетісу болған (Аманжолов, 2005). Ал Шығыс Түрік Қағанатының негізгі аумағын Моңғолия мен қазіргі Қытай құрамындағы Шынжаң ауданы құрады. Бұл қазіргі қытай қазақтары қоныстанып отырған аумақтың кезінде Түрік қағанатының аумағы екенін түсіндіреді. Қытайдың Миң патшалығы тұсында (1368-1644 ж.) қазақтар мен моңғол-ойрат тайпалары Тәңіртауының (Тянь-Шаньның) солтүстігі және Орта Азия даласында іргелес отырған не-месе араласып көшіп-қонып жүрген (Нәбижан Мұқаметханұлы, 2010). Бұл үрдіс Қытайдың Шығыс-Солтүстік өңірінде жасаған манчжур (қытай тілінде – манзу. – Қ.С.) ақсүйектерінің 1644 жылы Бей Жіңде құрған феодалдық Цин империясының (қытай тілінде – Чиң. – Қ.С.) алғашқы кезінде де сақталды. Алайда, 1755 жылдың көктемінде 200 мың қолмен келген Цин әскерлері Жоңғар хандығын жойып, халқын өзіне бағынышты ету тарихымен өзгеріске ұшырады. Соның нәтижесінде 1759 жылы Цин патшалығы бүкіл Шынжаң өңіріне билік орнатты. Осы 7Қ. Сарқытқан және т.б. жылдан бастап Іле алқабында жер игерумен Цин үкіметі айналыса бастады. Ал Патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау нәтижесінде Цин империясы мен Патшалық Ресей арасында 1864-1885 жылдар арасындағы келісімдер


негізінде шекаралық шарттар жасалды. Нәтижеде Шынжаң өңіріндегі қазақтар мен Ресейге қараған қазіргі Қазақстан қазақтары арасындағы халықаралық сипат алған көршілік қарым-қатынас орнады (Нәбижан Мұқаметханұлы, 2010). Осыдан бастап, қазақ ирреденттерінің тағы екі тармағы – Қытай және Моңғолия қазақтары қалыптасты. Осы 3 мың жылдан артық тарихи даму кезеңіне назар салғанда, қазіргі Шынжаң ауданында жасап отырған қазақтар арғы ата-бабаларынан бері сол өңірде жасап келе жатқан халықтардың заңды ұрпағы екені анық. Арада талай үркін-қорқын, үдіре көшу, босу болғанымен байырғы халық айналып келіп өз ата-мекенінде тіршілігін жалғастырып кете берген. Бұл Қытай қазақтарын диаспора емес, ирредент екенін ұғындырады. Тіпті, қазақы тілмен «ата қоныс қазақтары» деп атауға да болады. Ал диаспораларды «қоныс аударған қазақтар» деп атауға да болар еді.

<https://bulletin-geography.kaznu.kz/index.php/1-geo/article/view/1013/691>

2-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтінді қайта оқып, төмендегі кестені толтыр:

Кіріспеде қарастылып отырған басты мәселе қандай?	
Зерттеудің мақсаты қандай?	
Зерттеуде қандай әдіс-тәсілдер қарастырылған:	
Зерттеу тақырыбын таңдау себебі айтылған ба?	
Негізгі терминдер қандай?	
Зерттеуде қарастырылатын мәселенің маңыздылығы және ғылымға қосар үлесі қандай?	
Зерттеудің нәтижелері бар ма?	
Қандай сандық мәліметтер берілген?	

Үй тапсырмасы: Өз зерттеу тақырыбына сәйкес мақалңыздың «Кіріспе» бөлімін жазыңыз. Жазу барысында мына үлгіні ұстаныңыз.



Жазып болған соң, түсінікті және қисынды екеніне көз жеткізу үшін «Кіріспе» бөлімін қайта оқып шығыңыз. Есіңізде болсы, бірінші кезең - жазу үдерісі, екінші кезең – редакциялау (қайта қарап, түзетулер жүргізу).

3. МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Бұл сабақта рецензенттер мен оқырмандардың алдында сіздің беделіңізді қамтамасыз ететін жақсы материалдар мен әдістер бөлімін жазуға арналған бірнеше кеңестер беріледі.

Зерттеулерді жариялаудың маңызды аспектілерінің бірі – эксперименттерді басқалар қайталай алатындай егжей-тегжейлі қолданылатын әдістерді сипаттау. Кейбір қолжазбалар "әдістер" бөлімінде егжей-тегжейлі болмағандықтан қабылданбайды.

Американдық рентген журналының редакциялық мақаласында Джеймс Провензейл былай дейді: "қолжазбаны қабылдамаудың ең көп тараған себептерінің бірі-рецензенттер зерттеудің қалай жүргізілгенін толық түсіне алмайды. "Алайда, кейбір журналдарда көлемге шектеулер бар немесе бір параққа ақы төленгендіктен, материалдар мен әдістер бөліміне аса назар аударған жөн.

Зерттеу қолжазбаңыздағы "тиімді материалдар мен әдістер" бөлімін жазу барысында төменде берілген 7 талапты орындаған маңызды:

1. Тәжірибелеріңізді жүргізу кезінде материалдар мен әдістерді сипаттауды бастаңыз. Зерттеудің бастапқы кезеңдерінде-ақ мақала мәтінін жазу маңызды мәліметтерді ұмытып кетпеуге септігін тигізеді және қолжазба жазуды толық бастаған кезде уақытты үнемдейді. Сіз, сондай-ақ, тәжірибе жүргізген авторлардан "әдістер" бөлімінің қалай жазылғанына талдау жасап, керек тұстарын өз тәжірибеңізде қолдана аласыз.

2. Бүкіл қолжазбаға қатысты жалпы ақпараттан бастаңыз, содан кейін эксперименттің нақты бөлшектеріне өтіңіз. Сіз бастауға болатын жалпы ақпараттың мысалдары зерттелетін популяцияның сипаттамалары, бактериялық штаммдардың көздері мен генотиптері немесе үлгілердің немесе сынама алу орындарының сипаттамалары болып табылады. Содан кейін сіз өзіңіздің тәжірибеңіз туралы толығырақ ақпаратпен бөлісе аласыз.

3. Әдістерді сипаттау ретін осы әдістерді қолдану арқылы жасалған нәтижелер ретіне сәйкестендіріңіз. Сондай-ақ, сіз қолданған әрбір әдіс қысқаша сөйлем болса да сипатталғанына көз жеткізіңіз (мысалы, "токсиндерді талдау сипаттамаға сәйкес орындалды [сілтеме]"). Бұл тәжірибе мөлдірлікті, сондай-ақ қайталануды қамтамасыз ету үшін пайдалы.

4. Әрқашан бұрын сипатталған процедураларға/ бұрын жасалған тәжірибелерге сілтемелер беріңіз. Егер сіз қандай да бір өзгертулер енгізген болсаңыз, оларды міндетті түрде тізімдеңіз.

5. Статистикалық тесттерді мүмкіндігінше толық сипаттаңыз. Тесттер туралы мүмкіндігінше көп ақпарат беріңіз; оқырманға статистикалық талдаудың дұрыс жүргізілгенін анықтау үшін тек нәтижесін беру жеткіліксіз, ашып жазу керек.

6. Белгілі бір әдістердің немесе кез келген түрдегі нәтижелердің артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылаудан аулақ болыңыз. Ондай ақпаратты мақалаңыздың талқылау бөлімі үшін сақтаңыз.

7. Кеңістікті үнемдеу немесе тиімді пайдалану үшін сіз қолданған жабдықты тізімдеп қысқаша жазсаңыз болады немесе маңызды процедураның кадамдарын бейнелейтін блок-схема жасай аласыз. Себебі, кейбір журналдар нақты мақала беттерін талап етеді. Егер бет саны көп болса, кейде кестелер мен диаграммаларды қолданған тиімді.

Қолжазбаңызды аяқтамас бұрын, барлық маңызды ақпаратты қосқаныңызға көз жеткізу үшін өзіңізге "Материалдар мен әдістер" бөлімі туралы келесі сұрақтарды қойыңыз:

1. Эксперименттерді қайталау үшін жеткілікті мәліметтер бар ма?
2. Нәтижелерді түсіндіруге әсер етпестен жоюға болатын артық ақпарат бар ма?
3. Барлық тиісті элементтер айтылды ма?
4. Барлық тиісті дәйексөздер қамтылған ба?
5. Әр тәжірибе объектісінің көзі көрсетілген бе?

Материалдар мен әдістерді жазу жалықтыратын әрекет болуы мүмкін, бірақ жақсы жазылған бөлім сіздің жариялау мүмкіндігіңізді арттырып, қорытындыларыңызды нығайта алады.

Ескерту: «Материалдар мен әдістер» бөлімі кейінгі кездері халықаралық талаптарға сай қосылды. Бұрын ол «Негізгі бөлім» немесе «Әдістеме» бөлімдерінде айтылып кететін. Мәселен «ҚазҰУ Хабаршысы, География сериясының No1 (60) 2021 шыққан мақалада тек «Әдістеме» деп берілген:

Әдістеме

Зерттеу барысында диаспора және ирреденттердің сөздік мағынасы мен тарихи және ғылыми тұрғыдағы анықтамасына талдау жасай отырып, қазақ диаспорасы мен ирреденттерінің қалыптасуындағы себептер мен әр елдегі этникалық қазақтарды тарихи-қоғамдық, саяси тұрғыда қарастыру арқылы Қытай қазақтарының диаспора емес, өз атамекенінде отырған ирреденттер екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеуге тарихи, баяндау әдістері қолданылса, олардың қазіргі қоныстанған аумақтық ерекшеліктері және Қазақстан мен Қытай арасындағы миграциялық жағдайды талқылауда, географиялық модельдеу (Географияда: сөздік, графикалық, картографиялық, математикалық, т.б. модельдер әдістері бар), статистикалық және салыстыра талдау әдістері негіз етілді.

<https://bulletin-geography.kaznu.kz/index.php/1-geo/article/view/1013/691>

1-тапсырма. Жоғарыда берілген «Әдістеме» бөліміне құрылымдық талдау жасаңыз. Лекцияда берілген 5 сұраққа жауап табылады ма?

2-тапсырма. Бір ғылыми мақалын оқып шығып, ол жерде қолданылған материалдар мен ғылыми-зерттеу әдістерін тізіп жазыңыз.

Материалдар	Әдістер

3-тапсырма. 2-тапсырмада кестеге толтырған мәліметтерді қолдана отырып, «Материалдар мен әдістер» бөлімін өз сөзіңізбен қайта жазып шығыңыз.

--